

**"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандығы № 81 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 шілдедегі № 603 қаулысы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Колданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандығы № 81 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

15) тармақша мынадай редакциясы жазылсын:

"15) қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық, немесе салааралық ұлгілік, немесе ұлгілік нормалар мен нормативтерді немесе ұйымдардың еңбек жөніндегі ұлгілік нормалары мен нормативтерін әзірлеу, бекіту, ауыстыру және қайта қарау тәртібін белгілеу;";

мынадай мазмұндағы 15-1) және 15-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"15-1) қызметтің тиісті салаларындағы мемлекеттік органдармен келісу бойынша қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық, немесе салааралық ұлгілік, немесе ұлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлеу және бекіту;

15-2) қызметтің тиісті салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіппен өздері бекітетін ұйымдардың еңбек жөніндегі ұлгілік нормалары мен нормативтерін келісу;";

мынадай мазмұндағы 122-1) тармақшамен толықтырылсын:

"122-1) жеке басын қуәландыратын құжаттарда, сондай-ақ ұміткерлердің ұлтын растайтын басқа да құжаттарда тиісті жазба болмаған жағдайда қандас мәртебесін және женілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға ұміткер адамдардың ұлты қазақ екенін айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

130-1) тармақшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

190-1) тармақша мынадай редакциясы жазылсын:

"190-1) министрлердің, аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, облыстық маңызы бар қалалар, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің мүгедектік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кенесшілерін тағайындау тәртібін әзірлеу және бекіту;";

мынадай мазмұндағы 229-32), 229-33), 229-34), 229-35), 229-36) және 229-37) тармақшалармен толықтырылсын:

"229-32) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерге арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға лицензия беру;

229-33) медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асыру;

229-34) медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-35) өмірде қыын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде жан-жақты қолдаумен қамту жөніндегі жұмысты үйлестіру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

229-36) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынуға қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеу және бекіту;

229-37) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын мемлекеттік үйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;".

2. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың бесінші, жетінші, сегізінші және он бесінші абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

O. Бектенов